

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**

**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете
қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер»**

Мектепке дейінгі ұйымдардың, арнайы білім беру ұйымдарының,
жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының
сурдопедагогтарына, логопедтеріне және педагогтеріне арналған
педагогтердің біліктілігін арттыру курсы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Қордай 2025

1. Жалпы ережелер

«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың, арнайы білім беру ұйымдарының, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының сурдопедагогтарына, логопедтеріне және педагогтеріне арналған және кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдаудың заманауи тәсілдерін меңгеруге бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізу саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру, естіп қабылдауды, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша тиімді педагогикалық-түзете жұмысты ұйымдастыруға қажетті теориялық білімдер мен практикалық біліктерді қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, есту-сөйлеу дамуының заңдылықтарын, ерте педагогикалық-түзете қолдаудың маңыздылығын ескере отырып құрылды және педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолдануға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында есту қабілеті ауыр және терең дәрежеде бұзылған балаларға кохлеарлы имплантация жасау тәжірибесі кеңінен қолданылуда. Аталған медициналық технология балалардың дыбысты қабылдау мүмкіндігін қалпына келтіруге бағытталғанымен, оның нәтижелілігі тек хирургиялық араласумен шектелмей, баланы жүйелі, ұзақ мерзімді және ғылыми негізделген ерте педагогикалық-түзете қолдаумен қамтамасыз етуге тікелей байланысты.

Практика көрсетіп отырғандай, кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың естіп қабылдауын, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларын дамытуда педагогикалық қолдау көбіне кеш басталады немесе жүйесіз жүргізіледі. Есту-сөйлеу дамуын қалыптастырудың кезеңділігі сақталмайды, қолданылатын әдістер мен тәсілдер заманауи ғылыми-әдістемелік талаптарға толық сәйкес келе бермейді. Бұл жағдай кохлеарлы имплантацияның әлеуетін толық іске асыруға кедергі келтіреді.

Ерте педагогикалық-түзете қолдау кохлеарлы имплантталған баланың дамуындағы шешуші факторлардың бірі болып табылады. Баланың дыбысты ажырату, сөйлеуді естіп қабылдау, мағыналық түсіну және өздігінен сөйлеу белсенділігін қалыптастыру ерте жастан бастап жүйелі түрде ұйымдастырылған

жағдайда ғана тұрақты әрі сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы үдерісте сурдопедагогтың, логопедтің және педагогтің кәсіби рөлі ерекше маңызға ие.

Сонымен қатар кохлеарлы имплантталған балалармен жүргізілетін педагогикалық-түзете жұмыста қазақ тіліндегі ғылыми-әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда қолданылып жүрген көптеген түзете-дамыту әдістемелері орыс тілінде әзірленген және қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін толық ескермейді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, дыбыстардың жиілік ерекшелігі, буындық құрылымы мен интонациялық заңдылықтары орыс тілінен айтарлықтай ерекшеленеді. Осыған байланысты орыс тіліне негізделген естіп қабылдауды дамытуға арналған материалдар мен жаттығулар кохлеарлы имплантталған балалардың қазақ тіліндегі дыбыстарды ажыратуын, қабылдауын және дұрыс меңгеруін қамтамасыз ете алмайды. Бұл баланың есту арқылы тілдік ақпаратты қабылдауында, сөйлеуді түсінуінде және өздігінен сөйлеу дағдыларының қалыптасуында елеулі қиындықтардың туындауына әкеледі.

Сонымен бірге қазақ тілінің грамматикалық құрылымы (септік жүйенің дамығандығы, жалғаулар мен жұрнақтардың көптүрлілігі, сөздердің байланысу тәсілдері) естіп қабылдау мен сөйлеу тілін дамыту барысында арнайы, тілдік ерекшеліктерге бейімделген педагогикалық-түзете тәсілдерді талап етеді. Алайда қолданыстағы бағдарламалар мен әдістемелік құралдарда қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескеретін жүйелі ұсынымдар жеткілікті деңгейде ұсынылмаған.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте қолдау жүйесін жетілдіру және педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істейтін педагогтердің қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделген, ғылыми негізделген және практикада қолдануға болатын тиімді әдістемелерді меңгеру қажеттілігі артып келеді.

Осы біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдаудың заманауи тәсілдерін кешенді түрде қарастыруымен, қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыруға бағытталуымен, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолдануға болатын практикалық шешімдерді ұсынуымен айқындалады. Бағдарламаны іске асыру педагогтердің кәсіби даярлығын арттыруға және кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың есту, сөйлеу және әлеуметтік бейімделу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

Мемлекеттік басымдықтармен байланысы

«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының мазмұны Қазақстан

Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарына сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру және ерте қолдау жүйесін жетілдіру мемлекеттік білім беру саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда есту қабілеті бұзылған, оның ішінде кохлеарлы имплантациядан өткен балаларға сапалы педагогикалық-түзете қолдау көрсету мәселесі ерекше маңызға ие.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттарында айқындалған міндеттермен, атап айтқанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау және сүйемелдеу, олардың білім беру процесіне тиімді кірігуін қамтамасыз ету, сондай-ақ педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бағыттарымен тығыз байланысты.

Мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – ерте жастағы балаларға кешенді қолдау көрсету жүйесін дамыту болып табылады. Осыған орай бағдарлама педагогтерде кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдауды ұйымдастыруға қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға, медициналық және педагогикалық сүйемелдеудің сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар бағдарлама Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясатының басымдықтарына сәйкес келеді. Қазақ тілінің білім беру кеңістігіндегі қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілде білім алатын балаларға сапалы педагогикалық қолдау көрсету мәселелері өзекті болып табылады. Бағдарламада қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, кохлеарлы имплантталған балалардың естіп қабылдауын және сөйлеу тілін дамытуға бағытталған тәсілдерге басымдық беріледі.

Осы бағдарламаны іске асыру педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, заманауи педагогикалық-түзете әдістерді білім беру практикасына енгізуге, сондай-ақ кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың есту, сөйлеу және әлеуметтік бейімделу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік басымдықтарын іске асыруға және инклюзивті білім беру жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Әлемдік трендтермен байланысы

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға, оның ішінде есту қабілеті бұзылған балаларды ерте жастан педагогикалық-түзете сүйемелдеуге бағытталған тәсілдер басымдыққа ие болып отыр. Халықаралық педагогикалық практикада кохлеарлы имплантациядан өткен балалармен жұмыс жүргізуде ерте араласу, жүйелілік және жеке тәсіл қағидаттарына негізделген есту-сөйлеу реабилитациясы жетекші орын алады.

Әлемдік тәжірибе кохлеарлы имплантталған балалардың есту арқылы қабылдауын және сөйлеу тілін дамыту медициналық араласудан кейін бірден басталуы қажет екенін көрсетеді. Бұл үдерісте естіп қабылдауды кезең-кезеңімен қалыптастыру, дыбысты ажырату, сөйлеуді түсіну және өздігінен сөйлеу

белсенділігін дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық әдістер кеңінен қолданылады.

Халықаралық зерттеулер мен практикаларда балалардың ана тіліндегі есту-сөйлеу дамуын қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Әр тілдің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін ескеретін әдістемелерді қолдану есту қабілеті бұзылған балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын тиімді қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделген педагогикалық-түзете тәсілдерді енгізу әлемдік үрдістермен толық үндес келеді.

Сонымен қатар әлемдік білім беру жүйесінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына, практикаға бағытталған оқыту модельдеріне және ғылыми негізделген әдістемелерді күнделікті білім беру практикасына енгізуге ерекше көңіл бөлінеді. Ұсынылып отырған бағдарлама педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыруға, заманауи халықаралық тәжірибелерді ұлттық білім беру жүйесіне бейімдей отырып қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, бағдарлама мазмұны есту қабілеті бұзылған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдауға бағытталған әлемдік үрдістермен үйлеседі және кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың есту, сөйлеу және әлеуметтік дамуын тиімді қамтамасыз етуге бағдарланған.

2. Глоссарий

Инклюзивті білім беру — ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға (балаларға) арналған ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде оқу мен дамуға қолайлы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдай жасалатын жүйелі түрде ұйымдастырылған қызмет.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – белгілі бір әрекет түрін орындауға қабілеттілікті қалпына келтіруге немесе өтеуге бағытталған қызметтер мен іс-шаралар кешені.

Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар) – он сегіз жасқа дейінгі, туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулар немесе жарақат салдарынан өмірлік қызметі шектелген, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар бала (балалар), олардың жай-күйі заңда белгіленген тәртіппен расталған.

Түзету-дамыту бағыты – дамудағы ауытқуларды жеңуге жағдай жасау.

Ерте педагогикалық көмек – баланың дамуындағы бұзылыстарды ерте анықтау.

Сараланған және жеке тәсіл – түзету жұмысында әдістерді, формалар мен құралдарды таңдауда әр баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.

Жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл – баланың дара дамуын қолдау және оның әлеуетін ашу.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) – ерекше білім беру қажеттіліктері, мүмкіндіктері және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымдары ескеріліп, нақты білім алушыға арнап әзірленетін, білім беру мазмұнын меңгеруге жағдай жасайтын білім беру бағдарламасы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – сапалы білім алуға мүмкіндік бермейтін оқу-даму үдерісінде көрсетілетін көмек пен қызметтерге қажеттілік.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алуға қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

Білім алуға арналған арнайы жағдайлар – оқу бағдарламаларын ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың меңгеруін қамтамасыз етуге қажетті оқу, арнайы, жеке дамытушы және түзету-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар) – он сегіз жасқа дейінгі, туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулар немесе жарақат салдарынан өмірлік қызметі шектелген, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар бала (балалар), олардың жай-күйі заңда белгіленген тәртіппен расталған.

Педагогикалық зерттеу – тиісті жас нормативтерін ескере отырып, балалардың зияткерлік даму ерекшеліктері мен ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас жасауға әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

Кохлеарлы имплант (КИ) – ішкі құлаққа хирургиялық жолмен орнатылатын электронды құрылғы, ол дыбысты тікелей есту нервіне жеткізіп, сөйлеуді есту арқылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Кохлеарлы имплантация – есту жүйесінің ауыр зақымдалуында есту функциясын қалпына келтіру үшін жүргізілетін хирургиялық операция және одан кейінгі ұзақ мерзімді реабилитациялық-педагогикалық үдеріс.

Аудиотренинг – кохлеарлы имплантталған баланың дыбысты, сөйлеуді және сөзді есту арқылы ажырату, тану және түсіну қабілетін дамытуға бағытталған жүйелі жаттығулар кешені.

Сөйлеуді есту арқылы қабылдау – дыбысты, сөзді және сөйлемді есту негізінде түсіну және мағыналық өңдеу қабілеті.

Фонематикалық есту – сөйлеу дыбыстарын (фонемаларды) есту арқылы ажырату және тану қабілеті.

Лингвистикалық тыңдау – баланың сөйлеу дыбыстарын, сөздерді және сөйлем құрылымын есту арқылы талдай алу қабілеті.

Реабилитация – кохлеарлы имплантациядан кейін баланың есту, сөйлеу, танымдық және коммуникативтік дамуын қамтамасыз ететін кешенді педагогикалық және терапиялық қолдау.

Сөйлеу өндірісі – баланың дыбыстарды, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше айту қабілеті.

Сөздік қор – баланың белсенді және пассивті түрде қолдана алатын сөздер жиынтығы.

Ата-анамен коучинг – ата-аналарды кохлеарлы имплантталған баламен күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу мен естуді дамыту әдістеріне үйрету.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру бағдарламасының жаңашылдығы кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдауды ұйымдастыруға арналған қазақ тілінің тілдік ерекшеліктеріне бейімделген жүйелі әрі практикаға бағытталған тәсілді ұсынуымен айқындалады.

Қазіргі таңда кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізуге арналған түзете-дамыту әдістемелерінің басым бөлігі орыс тілінде әзірленген және қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық құрылымын толық ескермейді. Ұсынылып отырған бағдарлама осы әдістемелік олқылықтың орнын толтыруға бағытталған және қазақ тіліндегі дыбыстардың жиілігін, буындық құрылымды, интонациялық ерекшеліктерді, сондай-ақ грамматикалық формаларды меңгеруді ескере отырып түзете жұмысты ұйымдастыруды көздейді.

Бағдарламаның жаңашылдығы сондай-ақ кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың естіп қабылдауын, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларын дамытуда кезеңділік, жүйелілік және ерте қолдау қағидаттарына негізделген кешенді педагогикалық модельді ұсынуымен сипатталады. Бағдарламада есту-сөйлеу реабилитациясының заманауи тәсілдері педагогикалық практикамен ұштастырылып, нақты әдістер мен жұмыс алгоритмдері ұсынылады.

Бағдарлама мазмұны педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолдануға болатын практикалық материалдарға, түзете-дамыту жаттығуларына, жұмыс үлгілеріне және педагогикалық жағдаяттарды талдауға бағытталған. Бұл педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізудегі кәсіби құзыреттілігін арттыруға және педагогикалық көмектің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Осылайша, бағдарламаның жаңашылдығы қазақ тіліндегі есту-сөйлеу дамуына бейімделген әдістемелік тәсілдерді ұсынуымен, практикаға бағытталған мазмұнымен және кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдаудың заманауи моделін қалыптастыруымен айқындалады.

Білім беру жүйесіндегі баламаларға талдау

Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде мұндай инновациялық тәсілдер мен әдістемелік шешімдер кешенін қамтитын бағдарламалар жоқ екені анықталды. Бұл ұсынылып отырған педагог-логопедтердің біліктілігін арттыру бағдарламасының бірегейлігін, сұранысқа ие екендігін және практикалық маңыздылығын растайды. Педагог-логопедтердің кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеу бойынша біліктілігін арттыруға арналған ұсынылып отырған бағдарлама Қазақстан Республикасының қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде тікелей баламасы жоқ бірқатар маңызды ерекшеліктер мен артықшылықтарға ие.

Біріншіден, қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламаларының көпшілігі есту қабілеті бұзылған балалармен немесе жалпы логопедиялық жұмыспен шектеліп, кохлеарлы имплантациядан кейінгі есту-сөйлеу реабилитациясының ерекшеліктерін жүйелі түрде қамтымайды. Ал бұл бағдарлама кохлеарлы

имплантталған балалардың сөйлеу, есту және коммуникативтік дамуын қамтамасыз ететін арнайы технологиялар мен әдістерге бағытталған.

Екіншіден, ұсынылып отырған бағдарламаның маңызды айырмашылығы – педагог-логопедтің кәсіби қызметін кешенді түрде ұйымдастыруға бағытталуы. Бағдарлама диагностикадан бастап есту-сөйлеу дамыту, түзету әдістерін таңдау, баланың даму динамикасын мониторингтеу және жүргізілген жұмыстардың тиімділігін бағалауға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Ұқсас бағдарламалар, әдетте, кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыстың жекелеген аспектілеріне ғана назар аударады.

Үшіншіден, бұл курстың бірегей ерекшелігі – педагог-логопедтердің кохлеарлы имплантациядан кейінгі балалармен жұмысқа арналған авторлық бағдарламалар, аудиотренингтік сабақтар және әдістемелік материалдар әзірлеу дағдыларын іс жүзінде меңгеруіне бағытталған модульдің енгізілуі. Мұндай құзыреттілік өзге бағдарламаларда сирек кездеседі және маманның әдістемелік дербестігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бағдарламада кохлеарлы имплантталған балалардың есту арқылы сөйлеуді қабылдауын, фонематикалық естуін және ауызша сөйлеуін дамытуға бағытталған халықаралық AVT стандарттарына негізделген тәсілдер жүйелі түрде енгізілген. Көптеген ұқсас курстар мұндай кешенді және құрылымдалған тәсілді ұсынбайды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде кохлеарлы имплантталған балалармен жұмысқа арналған, осындай заманауи әдістер мен практикалық бағытты кешенді қамтитын біліктілікті арттыру бағдарламаларының жоқ екені анықталды. Бұл ұсынылып отырған бағдарламаның бірегейлігін, сұранысқа ие екендігін және жоғары практикалық маңыздылығын растайды.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты – кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдауды ұйымдастыруға бағытталған заманауи, ғылыми негізделген және практикаға бағытталған тәсілдерді қолдану саласында мектепке дейінгі, арнайы, жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының сурдопедагогтарының, логопедтерінің және педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады. Бағдарлама педагогтердің есту-сөйлеу дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық-түзете жұмысты тиімді жоспарлауына, жобалауына және іске асыруына қажетті теориялық білімдері мен практикалық біліктерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама аясында педагогтердің кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың есту-сөйлеу дамуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы кәсіби білімдерін кеңейту, ерте педагогикалық-түзете қолдаудың рөлі мен маңыздылығы жөнінде жүйелі түсінік қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар бағдарлама мазмұны естіп қабылдауды, дыбыстарды ажыратуды және сөйлеуді түсінуді дамытудың заманауи педагогикалық технологиялары мен әдістерін меңгеруге, қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу тілін дамытуға бағытталған түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама

педагогтердің есту-сөйлеу дамуын бағалау, түзете жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мониторинг, қалыптастырушы бағалау және педагогикалық кері байланысты қолдану дағдыларын жетілдіруіне, сондай-ақ кәсіби рефлексияны және өзінің педагогикалық тәжірибесін саналы түрде талдау мен жетілдіруге дайындық қалыптастыруына ықпал етеді.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың есту-сөйлеу дамуының ерекшеліктерін терең түсінеді, ерте педагогикалық-түзете қолдаудың заманауи тәсілдерін кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады және түзете-дамыту жұмыстарын кезең-кезеңімен жүйелі түрде ұйымдастырады. Тыңдаушылар қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу тілін дамытуға арналған педагогикалық әдістер мен жаттығуларды қолдануға, есту-сөйлеу дамуын мониторингтеуге және педагогикалық қолдау көрсету сапасын арттыруға бағытталған бағалау құралдарын пайдалануға қабілетті болады. Алынған білімдер мен практикалық біліктер педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолданылып, педагогикалық көмектің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы педагогтердің меңгерген білімдері мен дағдыларының кохлеарлы имплантталған балалармен жүргізілетін педагогикалық-түзете жұмыста тікелей қолданылуымен айқындалады. Бағдарлама мазмұнын меңгеру есту-сөйлеу реабилитациясын жүйелі түрде ұйымдастыруға, түзете-дамыту жұмысының сапасын арттыруға, балалардың естіп қабылдау, сөйлеу тілі және коммуникативтік дағдыларының тұрақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бағдарламаны іске асыру педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделген түзете-дамыту әдістерін білім беру практикасына енгізуге және кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың білім беру ортасына табысты бейімделуіне ықпал етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздері

Модульдің мақсаты:	Кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізетін педагогтердің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес ұйымдастыруға қажетті білімдерін қалыптастыру, сондай-ақ педагогикалық сүйемелдеудің кәсіби шекараларын, жауапкершілік аймақтарын және пәнаралық өзара әрекеттесу қағидаттарын айқындау.
Модульдің міндеттері:	Педагогтердің Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар туралы кәсіби білімдерін кеңейту; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеуді

	ұйымдастырудың құқықтық негіздерін түсіндіру; Педагогтің кохлеарлы имплантталған баламен жұмыс жүргізудегі кәсіби рөлі мен функцияларын айқындау; Педагогикалық қызметтегі кәсіби этика, жауапкершілік және қауіпсіздік қағидаттарын меңгерту; Медициналық және педагогикалық сүйемелдеудің өзара байланысын, пәнаралық командалық жұмыстың маңызын ашу; Ата-анамен және мамандар командасымен (логопед, сурдопедагог, психолог, дәрігер) кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар: Кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізуді регламенттейтін нормативтік-құқықтық талаптарды біледі; Педагогикалық қызметтің кәсіби шекараларын, құқықтары мен міндеттерін түсінеді; Кохлеарлы имплантталған баланы педагогикалық сүйемелдеу үдерісіндегі өз рөлін нақты айқындай алады; Пәнаралық командалық жұмыстың қағидаттарын және медициналық-педагогикалық сабақтастықтың маңызын түсінеді; Ата-анамен және басқа мамандармен кәсіби тұрғыда тиімді өзара әрекеттесуге дайын болады; Педагогикалық қызметті этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес ұйымдастыру қабілетін қалыптастырады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын педагогтердің кәсіби қызметін құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан саналы түрде құруына бағытталған. Модуль мазмұны педагогтердің өз қызметінің заңнамалық негіздерін терең түсінуіне, кәсіби жауапкершілік аймақтарын айқындауына

және кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізу барысында кәсіби қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Модуль аясында Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар, инклюзивті білім беру саясаты, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жүйесінің қағидаттары және ерте педагогикалық көмек көрсетудің талаптары қарастырылады. Педагогтің кохлеарлы имплантталған баламен жұмыс жүргізудегі кәсіби функциялары мен өкілеттіктері, оның логопедтік, сурдопедагогикалық және медициналық қызметтен айырмашылығы нақты айқындалады.

Модуль педагогтің медициналық араласуға қатысы жоқ екендігін, алайда медициналық сүйемелдеумен тығыз өзара байланыста әрекет ету қажеттілігін түсіндіреді. Осы тұрғыда педагогикалық және медициналық сүйемелдеудің сабақтастығы, пәнаралық командалық жұмыстың құрылымы, мамандар арасындағы ақпарат алмасу және бірлескен шешім қабылдау механизмдері қарастырылады. Педагогтің логопедпен, сурдопедагогпен, психологпен, дәрігермен және басқа мамандармен кәсіби өзара әрекеттесу үлгілері ашылады.

Сонымен қатар модуль мазмұны педагогтің ата-анамен кәсіби қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған. Ата-ананың баланың есту-сөйлеу дамуы мен әлеуметтік бейімделуіндегі рөлі, педагогтің ата-анаға ақпарат беру, кеңес беру және қолдау көрсету функциялары қарастырылады. Педагогикалық әдеп, этикалық нормаларды сақтау, баланың құқықтарын қорғау және отбасының психоэмоциялық жағдайын ескеру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Модуль педагогтердің кәсіби қызметін жоспарлау, түзете-дамыту жұмысының мақсаттары мен міндеттерін дұрыс қою,

	педагогикалық бақылау мен мониторинг жүргізу, құжаттаманы рәсімдеу және кәсіби рефлексия дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл модуль бағдарламаның келесі мазмұндық бөлімдерін тиімді меңгеруге негіз қалайды және педагогтердің кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеуге кәсіби тұрғыда дайын болуын қамтамасыз етеді.
--	---

Модуль 2. Кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктері

Модульдің мақсаты:	Педагогтерде кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, есту-сөйлеу дамуының заңдылықтарын ескере отырып педагогикалық-түзете жұмысты тиімді ұйымдастыруға қажетті кәсіби құзыреттерді дамыту.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты психикалық дамуы, танымдық процестері, эмоциялық-ерік саласы және мінез-құлқының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту көзделеді. Сонымен қатар есту қабілетінің бұзылуы мен кохлеарлы имплантацияның баланың тілдік дамуына әсерін түсіндіру, естіп қабылдау мен сөйлеу тілінің өзара байланысын ашу міндеті қойылады. Модуль педагогтерді кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңдерімен, сөйлеу дамуының ерекшеліктерімен, тілдік қиындықтарының себептерімен таныстыруға, сондай-ақ қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау көрсету

	біліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге балалардың жеке даму қарқынын, компенсаторлық мүмкіндіктерін және жеке қажеттіліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру дағдыларын дамыту көзделеді.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық және тілдік даму ерекшеліктерін түсінеді, есту-сөйлеу дамуының негізгі заңдылықтарын ажырата алады және педагогикалық қызметінде ескереді. Тыңдаушылар балалардың сөйлеу дамуы барысында кездесетін типтік қиындықтарды анықтап, олардың себептерін талдай алады. Педагогтер кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізуде жеке және дифференциалды тәсілді қолдануға, қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып тілдік дамуға педагогикалық қолдау көрсетуге дайын болады. Сонымен қатар балалардың психоэмоциялық жай-күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру қабілеті қалыптасады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктерін терең әрі кешенді түсінуге бағытталған. Модуль мазмұны педагогтерге кохлеарлы имплантациядан өткен балалардың даму жолын есту тәжірибесінің ерекшеліктерімен, психикалық дамудың заңдылықтарымен және тілдік қалыптасу үдерістерімен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Модуль аясында кохлеарлы имплантталған балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау сияқты танымдық процестерінің даму ерекшеліктері, есту тәжірибесінің шектеулі болуының

психикалық дамуға әсері және имплантациядан кейінгі кезеңде баланың жаңа дыбыстық ақпаратты қабылдауға бейімделу ерекшеліктері қарастырылады. Баланың эмоциялық-ерік саласының, мінез-құлқының және әлеуметтік өзара әрекетінің дамуындағы мүмкін болатын өзгерістер педагогикалық тұрғыдан талданады.

Ерекше назар кохлеарлы имплантталған балалардың есту-сөйлеу дамуының психологиялық негіздеріне аударылады. Модульде естіп қабылдаудың қалыптасу кезеңдері, дыбыстарды ажырату үдерісінің психологиялық тетіктері, есту тәжірибесінің жинақталуы мен сөйлеу тілінің дамуы арасындағы өзара байланыс ашылады. Бұл педагогтерге баланың сөйлеу дамуының баяулау немесе ерекшелену себептерін дұрыс түсіндіруге мүмкіндік береді.

Модуль мазмұнында кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағы, буындық құрылымы, сөздік қорының дамуы, грамматикалық құрылымының қалыптасуы қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктері ескеріле отырып талданады. Орыс тіліне негізделген жалпы әдістемелердің барлық жағдайда тиімді бола бермейтіні, сондықтан тілдік дамуға бейімделген педагогикалық қолдаудың қажеттілігі негізделеді.

Сонымен қатар модульде балалардың жеке даму қарқынын, компенсаторлық мүмкіндіктерін және жеке қажеттіліктерін ескере отырып педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Педагогтің жеке және дифференциалды тәсілді жүзеге асырудағы рөлі, баланың психоэмоциялық жай-күйін ескере отырып қолдаушы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру жолдары ашылады.

	Аталған модуль педагогтерге кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктерін терең түсінуге, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын ғылыми негізде жоспарлауға және бағдарламаның келесі модульдерінде қарастырылатын естіп қабылдауды және сөйлеу тілін дамыту жұмыстарына әдістемелік тұрғыдан дайын болуға мүмкіндік береді.
--	---

Модуль 3. Естіп қабылдауды қалыптастыру және дамыту: кезеңдер, әдістер және практикалық тәсілдер

Модульдің мақсаты:	Педагогтерде кохлеарлы имплантталған балалардың естіп қабылдауын қалыптастыру және дамытудың ғылыми негізделген кезеңдері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, сондай-ақ есту арқылы қабылдауды дамытуға бағытталған педагогикалық-түзете жұмысты тиімді ұйымдастыруға қажетті практикалық құзыреттерді дамыту.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында педагогтердің кохлеарлы имплантталған балаларда естіп қабылдаудың қалыптасу заңдылықтары мен кезеңдері туралы білімдерін кеңейту көзделеді. Есту тәжірибесінің жинақталуы, дыбыстарды қабылдау мен ажыратудың психологиялық-педагогикалық негіздерін түсіндіру, сөйлеу емес және сөйлеу дыбыстарын қабылдауды дамытудың рөлі мен маңызын ашу міндеттері қойылады. Сонымен қатар педагогтерді қоршаған орта дыбыстарын, сөйлеу емес дыбыстарды және сөйлеу дыбыстарын қабылдауды дамытуға бағытталған әдістермен таныстыру, дыбыстарды биіктігі, күші, ұзақтығы және тембрі бойынша ажырату дағдыларын қалыптастыру жолдарын меңгерту көзделеді.

	Модуль педагогтерді естіп қабылдауды дамытуда кезеңділік қағидатын сақтай отырып, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруға үйретуге бағытталған. Модуль барысында қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктерін, дыбыстардың жиілік сипаттамаларын ескере отырып естіп қабылдауды дамыту әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ балалардың жеке мүмкіндіктері мен даму қарқынын есепке алу міндеттері жүзеге асырылады.
Модульдің нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың естіп қабылдауын қалыптастырудың негізгі кезеңдерін түсінеді және оларды педагогикалық қызметінде ескере алады. Тыңдаушылар сөйлеу емес және сөйлеу дыбыстарын қабылдауды дамытуға бағытталған педагогикалық-түзете жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыра алады. Педагогтер дыбыстарды ажырату, есту зейінін дамыту және есту арқылы қабылданған ақпаратты мағыналық өңдеуге бағытталған әдістерді қолдануға дайын болады. Сонымен қатар қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ескере отырып, естіп қабылдауды дамытуға арналған практикалық тәсілдерді тиімді пайдалануға қабілетті болады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балалардың естіп қабылдауын қалыптастыру мен дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін кешенді түрде қарастыруға арналған. Модуль мазмұны педагогтерге есту арқылы қабылдаудың сөйлеу тілінің дамуы үшін негіз болып табылатынын терең түсінуге және түзете-дамыту жұмысын ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік береді.

	Модуль барысында естіп қабылдаудың қалыптасу кезеңдері, дыбыстарды қабылдау мен ажыратудың психологиялық механизмдері, есту тәжірибесінің біртіндеп жинақталу үдерісі қарастырылады. Қоршаған орта дыбыстарын қабылдаудан бастап сөйлеу дыбыстарын ажыратуға дейінгі кезеңді жұмыс ұйымдастырудың маңыздылығы ашылады. Баланың дыбыстық сигналдарға назар аударуы, есту зейінінің дамуы және дыбыстарды мағыналық өңдеу қабілеттері талданады. Модульде сөйлеу емес дыбыстарды, музыкалық және тұрмыстық дыбыстарды қабылдауды дамыту әдістері, сондай-ақ сөйлеу дыбыстарын естіп қабылдауға көшу жолдары қарастырылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері, дыбыстардың жиілік сипаттамалары ескеріле отырып, естіп қабылдауды дамытуға арналған практикалық жаттығулар мен тәсілдердің маңыздылығы негізделеді. Сонымен қатар модуль мазмұны балалардың жеке даму ерекшеліктерін, есту тәжірибесінің деңгейін және кохлеарлы имплантациядан кейінгі бейімделу кезеңін ескере отырып педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыруға бағытталған. Бұл модуль педагогтерді естіп қабылдауды дамытуға арналған түзете-дамыту жұмыстарын кәсіби тұрғыда жоспарлауға және бағдарламаның келесі модульдерінде қарастырылатын сөйлеу тілін дамыту жұмыстарына әдістемелік тұрғыдан дайын болуға мүмкіндік береді.
--	---

Модуль 4. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыру

Модульдің мақсаты:	Педагогтерде кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-түзете жұмысты қазақ тілінің фонетикалық, фонематикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып
---------------------------	--

	тиімді ұйымдастыруға қажетті кәсіби құзыреттерді дамыту.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу заңдылықтары мен кезеңдері туралы білімдерін кеңейту көзделеді. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағының, фонематикалық қабылдаудың және грамматикалық құрылымның қалыптасуындағы естіп қабылдаудың рөлі мен маңызын түсіндіру міндеті қойылады. Сонымен қатар педагогтерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктерімен, дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық сипаттамаларымен, дыбыстардың жиілік ерекшеліктерімен таныстыру, сөйлеу дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-түзете тәсілдерді меңгерту көзделеді. Модуль педагогтерді фонематикалық қабылдауды дамыту, буындық құрылымды меңгерту, сөздік қорды байыту және қазақ тілінің грамматикалық құрылымын (жалғаулар мен жұрнақтар жүйесі, сөздердің байланысу тәсілдері, сөйлем құрылымы) қалыптастыруға бағытталған әдістерді қолдануға үйретуге бағытталған. Сонымен бірге балалардың жеке даму қарқынын, есту тәжірибесінің деңгейін және тілдік мүмкіндіктерін ескере отырып жеке және дифференциалды тәсілді жүзеге асыру міндеттері қамтылады.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыру ерекшеліктерін түсінеді және қазақ тілінің тілдік заңдылықтарын ескере отырып педагогикалық қызметінде қолдана алады. Тыңдаушылар дыбыс айту, фонематикалық қабылдау, буындық

	құрылым және грамматикалық формаларды меңгертуге бағытталған түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жоспарлап, ұйымдастыра алады. Педагогтер балалардың сөйлеу тілін дамыту барысында жеке ерекшеліктерін, даму қарқынын және есту тәжірибесінің деңгейін ескере отырып, тиімді педагогикалық қолдау көрсетуге дайын болады. Сонымен қатар сөйлеу тілін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-түзете жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған әдістерді саналы түрде қолдану қабілеті қалыптасады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыруға арналған педагогикалық-түзете жұмысты кешенді түрде ұйымдастыруға бағытталған. Модуль мазмұны педагогтерге сөйлеу тілінің естіп қабылдаумен тығыз байланысын терең түсінуге және қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу дамуын жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Модуль барысында сөйлеу тілінің дыбыстық жағын қалыптастыру, дыбыс айту дағдыларын дамыту, фонематикалық қабылдауды жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктер, дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық сипаттамалары, дыбыстардың жиілік ерекшеліктері ескеріле отырып сөйлеу тілін дамыту тәсілдері талданады. Орыс тіліне негізделген жалпы әдістемелердің барлық жағдайда тиімді бола бермейтіні және қазақ тілінде арнайы бейімделген тәсілдердің қажеттілігі негізделеді. Сонымен қатар модульде қазақ тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Жалғаулар мен жұрнақтардың көптүрлілігі, сөздердің байланысу тәсілдері, сөйлем құрылымының ерекшеліктері кохлеарлы имплантталған балалар үшін қосымша

	қиындықтар туындататыны қарастырылып, осы ерекшеліктерді ескере отырып педагогикалық қолдау көрсету жолдары айқындалады. Модуль мазмұны балалардың жеке даму траекториясын, есту тәжірибесінің деңгейін және кохлеарлы имплантациядан кейінгі бейімделу кезеңін ескере отырып педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыруға бағытталған. Бұл модуль педагогтерді сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыруға арналған түзете-дамыту жұмыстарын кәсіби тұрғыда жоспарлауға және бағдарламаның келесі модулінде қарастырылатын коммуникативтік дағдыларды дамытуға әдістемелік тұрғыдан дайындайды.
--	---

Модуль 5. Коммуникативтік дағдыларды дамыту және кохлеарлы имплантталған балаларды әлеуметтік-білім беру ортаға бейімдеу

Модульдің мақсаты:	Модульдің мақсаты – педагогтерде кохлеарлы имплантталған балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және оларды әлеуметтік әрі білім беру ортасына тиімді бейімдеуге бағытталған педагогикалық қолдау көрсету құзыреттерін қалыптастыру, сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға үйретудің әдістемелік негіздерін меңгерту.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалардың қарым-қатынас қажеттіліктері мен коммуникативтік дамуының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту көзделеді. Баланың сөйлеуді әлеуметтік өзара әрекет барысында қолдану дағдыларын қалыптастырудың маңызын түсіндіру, күнделікті тұрмыстық, ойын және оқу жағдаяттарында қарым-қатынасқа түсуін қолдау міндеттері қойылады. Сонымен қатар педагогтерді диалогтік және монологтік сөйлеуді дамытуға, сөйлеу арқылы өз ойын, сұранысын және эмоциясын білдіруге үйретудің әдістерімен таныстыру, әлеуметтік-білім беру ортада баланың

	бейімделуін қамтамасыз ету жолдарын меңгерту көзделеді. Модуль балалардың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға, инклюзивті ортада өзара әрекеттесуді қолдауға бағытталған педагогикалық тәсілдерді қолдануға үйретуге бағытталған.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың коммуникативтік дамуының ерекшеліктерін түсінеді және сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануды қалыптастырудың маңызын ұғынады. Тыңдаушылар балалардың диалогтік және монологтік сөйлеуін дамытуға, сөйлеуді әлеуметтік жағдаяттарда қолдануға бағытталған педагогикалық жұмыстарды жоспарлап, ұйымдастыра алады. Педагогтер балалардың әлеуметтік және білім беру ортасына бейімделуін қолдауға, құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасауға дайын болады. Сонымен қатар коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған педагогикалық қолдаудың сапасын арттыруға мүмкіндік беретін әдістерді саналы түрде қолдану қабілеті қалыптасады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілін нақты қарым-қатынас жағдайларында қолдануын қалыптастыруға және олардың әлеуметтік әрі білім беру ортаға табысты бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған. Модуль мазмұны педагогтерге коммуникативтік дамудың сөйлеу тілінің барлық компоненттерімен тығыз байланыста жүзеге асатынын терең түсінуге мүмкіндік береді. Модуль барысында балалардың сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу қажеттілігін қалыптастыру, өз ойын, сезімін және сұранысын вербалды түрде білдіруге үйрету

	жолдары қарастырылады. Диалогтік қарым-қатынас, сұрақ қою және жауап беру, әңгіме жүргізу, сондай-ақ монологтік сөйлеуді дамыту мәселелері талданады. Сонымен қатар модульде баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі, инклюзивті білім беру жағдайында құрдастарымен өзара әрекеттесуі, ойын және оқу іс-әрекеті барысында сөйлеуді қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Педагогтің қолдаушы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы рөлі, баланың әлеуметтік белсенділігін арттыру жолдары ашылады. Аталған модуль педагогтерге кохлеарлы имплантталған балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дамуын кешенді түрде қолдауға мүмкіндік береді және бағдарламаның қорытынды модулінде қарастырылатын мониторинг пен кәсіби рефлексияға негіз қалайды.
--	---

Модуль 6. Педагогикалық мониторинг, ата-анамен жұмыс және кәсіби рефлексия

Модульдің мақсаты:	Модульдің мақсаты – педагогтерде кохлеарлы имплантталған балалардың есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуын жүйелі түрде бақылау, бағалау және талдау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ ата-анамен кәсіби өзара әрекеттесу мен педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталған құзыреттерді жетілдіру.
Модульдің міндеттері:	Модуль аясында педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалардың дамуын мониторингтеудің мақсаттары мен міндеттері туралы түсініктерін кеңейту көзделеді. Баланың естіп қабылдауын, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларын бағалаудың педагогикалық тәсілдерін меңгерту, түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және келесі кезеңдерге арналған

	педагогикалық шешімдер қабылдау міндеттері қойылады. Сонымен қатар модуль педагогтерді ата-анамен серіктестік негізінде жұмыс жүргізуге, баланың даму динамикасы туралы кәсіби және этикалық тұрғыда ақпарат беруге, ата-аналарды түзете-дамыту үдерісіне тартуға үйретуге бағытталған. Модуль мазмұны педагогтің кәсіби рефлексиясын, өз қызметін талдау және саналы түрде жетілдіру дағдыларын қалыптастыруды да қамтиды.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер кохлеарлы имплантталған балалардың есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуын жүйелі түрде мониторингтеу қажеттілігін түсінеді және бағалау нәтижелерін педагогикалық қызметінде қолдана алады. Тыңдаушылар түзете-дамыту жұмысының тиімділігін талдауға, алынған деректер негізінде педагогикалық жұмысты жоспарлауға қабілетті болады. Педагогтер ата-анамен кәсіби әрі нәтижелі өзара әрекеттесуге, баланың дамуы туралы түсінікті және қолдаушы түрде ақпарат беруге дайын болады. Сонымен қатар педагогтің кәсіби рефлексиясы қалыптасып, өз тәжірибесін жетілдіруге бағытталған саналы ұстаным нығаяды.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің нәтижелілігін қамтамасыз ететін бақылау, бағалау және талдау жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Модуль мазмұны педагогтерге есту-сөйлеу және коммуникативтік дамудың динамикасын үздіксіз қадағалаудың маңызын түсінуге және түзете-дамыту жұмысының мазмұнын уақытылы түзетуге мүмкіндік береді. Модуль барысында педагогикалық мониторингтің түрлері, әдістері және

	кезеңдері қарастырылады. Баланың естіп қабылдауын, сөйлеу тілін, коммуникативтік белсенділігін бақылау және бағалау жолдары, педагогикалық бақылау нәтижелерін тіркеу және талдау тәсілдері талданады. Сонымен қатар модульде ата-анамен жұмыс жүргізудің педагогикалық және психологиялық аспектілері қарастырылады. Ата-ананы түзете-дамыту үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қолдау, кеңес беру, серіктестік қарым-қатынас орнату және отбасындағы сөйлеу ортасын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылады. Модуль мазмұны педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталған. Педагогикалық қызметтің нәтижелерін талдау, кәсіби қиындықтарды анықтау, өз тәжірибесін жетілдіру және үздіксіз кәсіби даму қажеттілігі негізделеді. Бұл модуль бағдарламаны логикалық тұрғыда аяқтай отырып, педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалармен жүйелі, жауапты және нәтижелі жұмыс жүргізуіне жағдай жасайды.
--	---

80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Дәрістер	Практикалық сабақ	Семинар	Барлығы
1	Модуль 1. Кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздері				9
1.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың мемлекеттік саясаты	1	1	1	3
1.2	Кохлеарлы имплантация: медициналық және педагогикалық сүйемелдеудің өзара байланысы	1	1	1	3
1.3	Педагогтің кәсіби рөлі, жауапкершілігі және пәнаралық өзара әрекеттесу	1	1	1	3
2	Модуль 2. Кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктері				9
2.1	Кохлеарлы имплантталған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері	1	1	1	3

2.2	Есту тәжірибесінің шектеулі болуының тілдік дамуға әсері	1	1	1	3
2.3	Жеке және дифференциалды педагогикалық тәсілдер	1	1	1	3
3	Модуль 3. Естіп қабылдауды қалыптастыру және дамыту				16
3.1	Естіп қабылдаудың қалыптасу кезеңдері және заңдылықтары	2	1	1	4
3.2	Тілдік емес дыбыстарды қабылдауды дамыту әдістері	1	1	1	3
3.3	Тілдік дыбыстарын естіп ажыратуды қалыптастыру	1	1	1	3
3.4	Есту зейінін және есту жадын дамыту	1	1	1	3
3.5	Естіп қабылдауды дамытудағы типтік қиындықтар	1	1	1	3
4	Модуль 4. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыру				16
4.1	Сөйлеу тілінің дыбыстық жағын қалыптастыру	2	1	1	4
4.2	Фонематикалық қабылдауды дамыту	1	1	1	3
4.3	Буындық құрылымды және сөздік корды дамыту	1	1	1	3
4.4	Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын меңгерту	1	1	1	3
4.5	Сөйлеу тілін дамытудағы типтік қиындықтар және түзету жолдары	1	1	1	3
5	Модуль 5. Коммуникативтік дағдыларды дамыту және әлеуметтік-білім беру ортаға бейімдеу				15
5.1	Коммуникативтік дамудың психологиялық негіздері	1	1	1	3
5.2	Диалогтік сөйлеуді дамыту	1	1	1	3
5.3	Монологтік сөйлеуді қалыптастыру	1	1	1	3
5.4	Инклюзивті ортада қарым-қатынасты дамыту	1	1	1	3
5.5	Әлеуметтік бейімделу және сөйлеуді күнделікті өмірде қолдану	1	1	1	3
6	Модуль 6. Педагогикалық мониторинг, ата-анамен жұмыс және кәсіби рефлексия				15
6.1	Есту-сөйлеу дамуын педагогикалық мониторингтеу	1	1	1	3
6.2	Бағалау нәтижелерін талдау және түзету	1	1	1	3
6.3	Ата-анамен серіктестік жұмыс	1	1	1	3
6.4	Педагогтің кәсіби рефлексиясы	1	1	1	3
6.5	Кәсіби дамуды жоспарлау	1	1	1	3
	Барлығы				80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнесабақтар	Вебинарлар	Өзіндік жұмыс	Барлығы
1	Модуль 1. Кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздері				9
1.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың мемлекеттік саясаты	1	1	1	3
1.2	Кохлеарлы имплантация: медициналық және педагогикалық сүйемелдеудің өзара байланысы	1	1	1	3
1.3	Педагогтің кәсіби рөлі, жауапкершілігі және пәнаралық өзара әрекеттесу	1	1	1	3
2	Модуль 2. Кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық және тілдік даму ерекшеліктері				9
2.1	Кохлеарлы имплантталған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Есту тәжірибесінің шектеулі болуының тілдік дамуға әсері	1	1	1	3
2.3	Жеке және дифференциалды педагогикалық тәсілдер	1	1	1	3
3	Модуль 3. Естіп қабылдауды қалыптастыру және дамыту				16
3.1	Естіп қабылдаудың қалыптасу кезеңдері мен заңдылықтары	2	1	1	4
3.2	Сөйлеу емес дыбыстарды қабылдауды дамыту	1	1	1	3
3.3	Сөйлеу дыбыстарын естіп ажыратуды қалыптастыру	1	1	1	3
3.4	Есту зейіні мен есту жадын дамыту	1	1	1	3
3.5	Естіп қабылдауды дамытудағы типтік қиындықтар	1	1	1	3
4	Модуль 4. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыру				16
4.1	Сөйлеу тілінің дыбыстық жағын қалыптастыру	2	1	1	4
4.2	Фонематикалық қабылдауды дамыту	1	1	1	3
4.3	Буындық құрылымды және сөздік қорды дамыту	1	1	1	3
4.4	Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын меңгерту	1	1	1	3
4.5	Сөйлеу тілін дамытудағы типтік қиындықтар және түзету жолдары	1	1	1	3
5	Модуль 5. Коммуникативтік дағдыларды дамыту және әлеуметтік-білім беру ортаға бейімдеу				15

5.1	Коммуникативтік дамудың психологиялық негіздері	1	1	1	3
5.2	Диалогтік сөйлеуді дамыту	1	1	1	3
5.3	Монологтік сөйлеуді қалыптастыру	1	1	1	3
5.4	Инклюзивті ортада қарым-қатынасты дамыту	1	1	1	3
5.5	Сөйлеуді күнделікті өмірде қолдану және әлеуметтік бейімделу	1	1	1	3
6	Модуль 6. Педагогикалық мониторинг, ата-анамен жұмыс және кәсіби рефлексия				15
6.1	Есту-сөйлеу дамуын педагогикалық мониторингтеу	1	1	1	3
6.2	Бағалау нәтижелерін талдау және түзету	1	1	1	3
6.3	Ата-анамен серіктестік жұмыс	1	1	1	3
6.4	Педагогтің кәсіби рефлексиясы	1	1	1	3
6.5	Кәсіби дамуды жоспарлау	1	1	1	3
	Барлығы				80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылымды, тәжірибеге бағытталған оқу форматтарын және заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Кіріс диагностикасы

Курс басталғанға дейін тыңдаушылардың кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс жүргізу саласындағы бастапқы кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатында кіріс диагностикасы жүргізіледі. Кіріс диагностикасы сауалнама, өзін-өзі бағалау парақтары және қысқаша тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Диагностика нәтижелері тыңдаушылардың жеке оқу қажеттіліктерін айқындауға және оқу үдерісін дараландыруға негіз болады.

Бағдарлама екі көлемде жүзеге асырылады:

80 академиялық сағат;

Оқыту формасы:

Аудиториялық – дәрістер, практикалық сабақтар және семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен өтеді;

Қашықтан оқыту – бейне дәрістер, вебинарлар, тыңдаушылардың онлайн-платформада өз бетімен жұмыс жасауы, тьютор қолдауы және онлайн-форматта қорытынды аттестаттау.

Оқу процесінің құрылымы:

Бейнесабақтар – асинхронды түрде ұсынылған материалдар, теориялық контентті ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді, презентация, сызба және әдістемелік мысалдармен сүйемелденеді;

Вебинарлар – оқытушымен және топпен синхронды онлайн-кездесулер, кейстерді бірлесіп талдауға, сұрақтарға жауап беруге және тәжірибені талқылауға бағытталған;

Дәрістер – арнайы педагогтің қызметінің тақырыптарын, ұғымдарын, функцияларын, нормативтік негіздерін теориялық негіздеу (аудиториялық немесе қашықтан оқыту түрінде);

Практикалық сабақтар – үлгілермен, нормативтік құжаттармен, кейстермен, ЖББ, түзету-дамытушылық бағдарламаларды әзірлеумен және сабақтарды жобалаумен жұмыс істеу;

Семинарлар – ұжымдық талдау форматы, тәжірибе алмасу, әдістемелік шешімдер мен тәсілдерді талқылау;

Тыңдаушылардың өздік жұмысы – тапсырмаларды орындау, шағын жобаларды дайындау, бағдарламалар мен ұсыныстар әзірлеу, әдебиеттер мен нормативтік актілерді талдау;

Қорытынды аттестаттау – тестілеу түрінде, қорытынды жобаның (мысалы, әдістемелік өнім) презентациясы, кейсті талдау, қорғау немесе сараптамалық бағалау.

Бақылау және кері байланыс түрлері:

Әр модульдегі ағымдағы тапсырмалар (тәжірибелік тапсырмалар, шағын жобалар, бақылау сұрақтары);

Форум/чат немесе консультациялар арқылы кері байланыс және қолдау;

Сараптамалық тексерісі бар қорытынды жұмыс (әдістемелік жоба, презентация, сабақ жоспары, авторлық дидактикалық материалдар).

Қашықтан оқыту форматын жүзеге асырудың техникалық шарттары:

Оқу платформасына қолжетімділік (Google Classroom, Moodle, Teams немесе ұйым таңдаған басқа платформа);

Вебинарлар өткізу үшін Zoom/Google Meet қосымшалары;

Электрондық оқу ресурстарымен қамтамасыз ету: бейне, интерактивті презентациялар, нормативтік құжаттар, үлгілер мен формалар.

Оқу процесін қамтамасыз ету:

Әр модуль бойынша оқу-әдістемелік пакет;

Өздік жұмысқа және практикалық тапсырмаларға арналған әдістемелік материалдар;

Инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдаланып әзірленген сабақ жоспарларының, дидактикалық материалдардың үлгілері;

Бейнематериалдар, нормативтік құжаттар және тәжірибелік мысалдар;

Қорытынды тапсырма – тыңдаушының инновациялық және жасанды интеллект технологияларын пайдаланып әзірлеген авторлық әдістемелік жұмысын дайындау, қорғау және рецензиялау.

Оқытушыларға қойылатын талаптар

Бағдарлама бойынша оқытуды жүзеге асыратын мамандардың сурдопедагогика, логопедия, арнайы педагогика немесе педагогика саласында жоғары білімі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен, оның ішінде

кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеу бойынша практикалық тәжірибесі және біліктілікті арттыру курстарын жүргізу құзыреттілігі болуы тиіс.

Оқу процесі ұйымдастырылған кезде келесілер ескерілген:

Педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қойылатын қолданыстағы талаптар;

Сурдопедагог, логопед, педагог білім беру жүйесіндегі нақты жұмыс жағдайлары;

Оқытудың икемділігі, қолжетімділігі және тәжірибелік бағыттылығы;

Оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдары мен инновациялық технологияларды тиімді қолдану мүмкіндігі.

Бағдарламаның форматтары, көлемі және мазмұны аудиториялық және қашықтан оқытуға бейімделген, бұл курсты Қазақстанның барлық өңірлерінен келген педагог, арнайы педагог, сурдопедагог, логопедтер үшін қолжетімді және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы етеді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» атты біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік құрылымға, тәжірибеге бағытталған оқытуға, рефлексиялық тәсілге және педагогтердің кәсіби тәжірибесін өзектілендіруге негізделген.

Бағдарлама өзара логикалық байланысқан алты модульден тұрады. Әрбір модуль теориялық білімді меңгеруді, оны практикалық қызметте қолдануды және педагогтің өзіндік кәсіби тәжірибесін талдауды көздейтін оқу-әдістемелік материалдар кешенімен қамтамасыз етілген.

Бағдарлама мазмұны кохлеарлы имплантталған балалардың есту-сөйлеу, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын педагогикалық-түзете қолдаудың заманауи тәсілдерін меңгертуге, практикалық құзыреттерді қалыптастыруға және кәсіби әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Модульдік мазмұн мынадай элементтерден тұрады:

1. Теориялық блок

Теориялық блок келесі материалдарды қамтиды:

- дәрістер және бейне дәрістер;
- презентациялар мен авторлық түсіндірмелі мәтіндер;
- кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің заманауи әдіс-тәсілдері бойынша нұсқаулықтар;
- ұсынылатын негізгі және қосымша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер тізімі;
- цифрлық білім беру ресурстарына қатысты қосымша материалдар.

Теориялық блок педагогтердің сурдопедагогикалық, логопедиялық және түзете-педагогикалық білімін жүйелеуге және жаңартуға бағытталған.

2. Тәжірибеге бағдарланған блок

Тәжірибелік блок педагогтердің кәсіби қызметіне тікелей бағытталған және төмендегілерді қамтиды:

- педагогикалық-түзете кейстер мен жағдаяттарды талдау;

- кохлеарлы имплантталған балалармен жұмысқа арналған сабақ жоспарлары мен түзету-дамытушылық сабақ үлгілері;

- естіп қабылдауды, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар;

- жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ) және түзету-дамытушылық бағдарламаларды әзірлеу;

- ата-анамен жұмысқа және инклюзивті ортада қолдау көрсетуге арналған әдістемелік ұсыныстар.

Бұл блок педагогтердің алған білімін нақты педагогикалық практикада қолдануына мүмкіндік береді.

3. Бақылау-бағалау блогы

Бақылау-бағалау блогы мыналарды қамтиды:

- жеке және топтық жұмыстарға арналған практикалық тапсырмалар;

- шағын жобалар мен әдістемелік өнімдер;

- өзіндік тексеруге арналған сұрақтар;

- кәсіби рефлексияға бағытталған өзіндік бағалау парақтары;

- әр модуль бойынша бағалау критерийлері мен чек-парақтар.

Бұл блок педагогтердің кәсіби дамуын қадағалауға, оқу жетістіктерін талдауға және нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның жалпы дидактикалық қамтамасыз етілуі

Бағдарлама келесі оқу-әдістемелік қолдаумен қамтамасыз етіледі:

- сурдопедагогтерге, логопедтерге және педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар;

- жеке оқу траекториясын жоспарлауға арналған нұсқаулар;

- LMS-платформада (Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams немесе білім беру ұйымы таңдаған платформада) орналастырылған электрондық курс.

Электрондық курс құрамына кіреді

- дәрістік және бейнематериалдар;

- әдістемелік ұсынымдар мен практикалық мысалдар;

- тапсырмалар, кейстер, презентациялар;

- сабақ үлгілері мен әдістемелік шаблондар;

- глоссарийлер;

- рефлексиялық құралдар мен өзіндік бағалау парақтары;

- онлайн-кеңес беру және кәсіби қолдау.

Модульдер бойынша тапсырмалар

Модуль 1. Нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздер

- кохлеарлы имплантталған балаларды қолдауға қатысты нормативтік құжаттарды талдау;

- педагогтің кәсіби рөлі бойынша рефлексиялық чек-парақ.

Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері

- бала дамуының ерекшеліктерін талдауға арналған тапсырмалар;

- педагогикалық жағдаятты әдістемелік талдау.

Модуль 3. Естіп қабылдауды дамыту

- естіп қабылдауды дамытуға арналған жаттығулар жүйесін әзірлеу;

- типтік қиындықтарды талдау.

Модуль 4. Сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыру

- түзету-дамытушылық сабақ жоспарын құрастыру;
- сөйлеу тілін дамытуға арналған тапсырмалар әзірлеу.

Модуль 5. Коммуникативтік дағдылар және әлеуметтік бейімделу

- коммуникативтік жағдаяттарға арналған тапсырмалар;
- инклюзивті ортада өзара әрекеттесуді қолдау әдістерін сипаттау.

Модуль 6. Мониторинг, ата-анамен жұмыс және кәсіби рефлексия

- педагогикалық мониторинг құралдарын әзірлеу;
- авторлық әдістемелік өнім немесе мини-жоба дайындау.

Оқу материалдарының формалары

- PDF материалдар, презентациялар, әдістемелік нұсқаулықтар;
- интерактивті құжаттар;
- бейнематериалдар;
- глоссарийлер;
- тапсырмаларға арналған нұсқаулар.

Материалдар аудиториялық және қашықтан оқыту форматына бейімделген.

Қорытынды әдістемелік қолдау

- қорытынды жоба бойынша кеңес беру;
- жұмысты рәсімдеу және қорғауға дайындау;
- бағалау критерийлері: мақсатқа сәйкестік, практикалық маңыздылық, әдістемелік негізділік, іске асыру мүмкіндігі.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі педагогтерге:

- бағдарламаның мазмұнын терең меңгеруге;
- кәсіби әдістемелік құралдарын жетілдіруге;
- нақты педагогикалық әрекеттерге көшуге;
- кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық сүйемелдеудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:

Критерийлер	Бағаланатын аспектілер	Бағалау шкаласы (мысал)
Модуль мазмұнын түсіну	Кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауға қатысты негізгі ұғымдарды, мақсаттар мен міндеттерді, нормативтік негіздерді түсіну	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім
Теориялық білімді қолдану	Теориялық материалды педагогикалық-түзете қызметте (сабақ, түзету жұмысы, қолдау) қолдану қабілеті	1 – қолдана алмаймын → 5 – жүйелі қолданамын
Практикада қолдану мүмкіндігі	Әдістемелерді, жаттығуларды, түзету-дамытушылық тәсілдерді өз жұмысында қолдану мүмкіндігі	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін

Кәсіби әрекеттегі сенімділік	Диагностикалық, түзету-дамытушылық, әдістемелік міндеттерді орындаудағы кәсіби сенімділік	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану	Үлгілерді, нормативтік актілерді, ЖББ, түзету бағдарламаларын, аудиограмма, чек-парақтарды және цифрлық ресурстарды пайдалану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық өзара әрекеттесу	Пәнаралық командада (ППҚҚ), әріптестермен және ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін
Коммуникативтік қолдау	Баламен, ата-анамен және әріптестермен кәсіби коммуникация орнату қабілеті	1 – қиын → 5 – еркін жүзеге асырамын
Рефлексия және кәсіби даму	Өз педагогикалық қызметін талдау, кәсіби өсу мақсаттарын қою және өзіндік даму қабілеті	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын

Бағдарлама аясында өзін-өзі бағалау педагогтердің кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдау саласындағы кәсіби дамуын саналы түрде талдауға, өз жетістіктерін бағалауға және болашақ кәсіби өсу бағыттарын айқындауға бағытталған. Өзін-өзі бағалау формалары оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде қолданылады және педагогтің рефлексиялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау білім алушылардың оқу нәтижелерін ішкі талдау құралы ретінде қарастырылады және педагогтің кәсіби құзыреттерін жүйелі дамытуға жағдай жасайды.

Өзін-өзі бағалаудың негізгі формалары

Бағдарлама барысында тыңдаушыларға төмендегі өзін-өзі бағалау құралдары ұсынылады:

Модульдік чек-парақтар

Әр модуль бойынша кәсіби жетістіктерді белгілеуге арналған чек-парақтар (Google Forms форматында немесе қағаз түрінде). Чек-парақтарда есту-сөйлеу дамуын қолдау, түзету-дамытушылық жұмыс, әдістемелік және диагностикалық дағдыларды меңгеру деңгейін белгілеу мүмкіндігі қарастырылған.

«Жеке жетістіктер парағы» («дейін/кейін» талдауы)

Тыңдаушының бағдарлама басындағы және бағдарлама соңындағы кәсіби құзыреттер деңгейін салыстыруға арналған өзіндік талдау құралы. Бұл құрал педагогтің кәсіби дамуының динамикасын айқындауға мүмкіндік береді.

Педагогтің құзыреттілік картасы

Педагогикалық, түзету-дамытушылық, диагностикалық, коммуникативтік және цифрлық құзыреттерді өз бетінше бағалауға арналған карта. Құзыреттілік картасы кәсіби өсу бағыттарын анықтауға және жеке даму траекториясын жоспарлауға көмектеседі.

Рефлексия күнделігі (қалауы бойынша)

Тыңдаушының жеке кәсіби рефлексиясын жүргізуге арналған құрал. Сабактар мен тапсырмалардан кейінгі ой-тұжырымдарды, кездескен қиындықтарды және қол жеткізген жетістіктерді белгілеуге мүмкіндік береді.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі

Бағдарлама соңында тыңдаушының кәсіби қызметінде күшейтуді қажет ететін бағыттарын айқындауға арналған жинақтаушы құрал.

Қорытынды өзін-өзі бағалау (бағдарлама соңында)

Бағдарламаны аяқтағаннан кейін тыңдаушылар қорытынды өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Қорытынды өзін-өзі бағалау төмендегі элементтерді қамтуы мүмкін:

Негізгі кәсіби құзыреттіліктер бойынша сенімділік деңгейі

Кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеуге қатысты диагностикалық, түзету-дамытушылық, әдістемелік, коммуникативтік және бағалау дағдылары бойынша 1-ден 5-ке дейінгі шкала негізінде өзін-өзі бағалау.

Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру:

- Бағдарлама барысында мен үшін ең маңызды және жаңа болған не?
- Қандай әдістер мен тәсілдерді өз кәсіби тәжірибемде қолдана бастадым?
- Кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеуде қандай кәсіби сенімділік қалыптасты?
- Алдағы уақытта қай кәсіби бағытта дамуды жоспарлаймын?

Жеке кәсіби өсу жоспары

Алдағы 3–6 айға арналған нақты мақсаттар мен іс-әрекеттерді қамтитын жеке кәсіби даму жоспарын әзірлеу.

Өзін-өзі бағалаудың маңызы

Өзін-өзі бағалау нәтижелері қорытынды бағаға тікелей әсер етпейді, алайда педагогтердің өз кәсіби әрекетіне саналы көзқарас қалыптастыруына, ішкі мотивациясын арттыруға және үздіксіз кәсіби дамуға бағдарлануына ықпал етеді.

Барлық өзін-өзі бағалау құралдары бағдарлама шеңберіндегі оқу-әдістемелік пакет құрамында ұсынылады және оларды толтыру бойынша нақты нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

8.1 Бағалау мақсаттары мен қағидаттары

Сурдопедагогтер, логопедтер және педагогтерге арналған «Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» біліктілікті арттыру бағдарламасы аясында оқыту нәтижелерін бағалау бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін объективті және жүйелі түрде анықтауға, сондай-ақ кохлеарлы имплантталған балаларды

педагогикалық сүйемелдеуге қажетті кәсіби, түзете-дамытушылық, әдістемелік және цифрлық құзыреттердің қалыптасуын бағалауға бағытталған.

Бағалау үдерісі кешенді және практикаға бағдарланған сипатта ұйымдастырылады және тек теориялық білімді тексерумен шектелмейді. Бағалау барысында тыңдаушылардың алған білімдері мен дағдыларын нақты педагогикалық-түзете тәжірибеде қолдана алу қабілеті, есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуды қолдауға бағытталған әдістерді тиімді пайдалану деңгейі талданады.

Бағалау кезінде педагогтердің кохлеарлы имплантталған балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып түзету-дамытушылық жұмысты жоспарлау, жеке және дифференциалды тәсілдерді қолдану, ата-анамен және пәнаралық командамен кәсіби өзара әрекеттесу, сондай-ақ заманауи педагогикалық және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану біліктеріне ерекше назар аударылады.

Бағалау қағидаттары объективтілікке, ашықтыққа, жүйелілікке және кәсіби рефлексияға негізделіп, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға және олардың практикалық қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қорытынды аттестаттау

Бағдарлама бойынша қорытынды аттестаттау кешенді түрде жүргізіледі және екі компоненттен тұрады:

- теориялық білімді бағалауға арналған тестілеу;
- тыңдаушының кохлеарлы имплантталған балалармен жұмысқа арналған авторлық әдістемелік немесе түзете-дамытушылық жобасын қорғау.

Қорытынды аттестаттау тыңдаушының кәсіби құзыреттілігін, практикалық дайындық деңгейін және алынған білімді нақты педагогикалық қызметте қолдану қабілетін бағалауға бағытталған.

Бағалау қағидаты	Сипаттамасы
Бағалаудың ашықтығы мен объективтілігі	Оқыту нәтижелерін бағалау алдын ала нақты айқындалған және тыңдаушыларға жеткізілген критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келеді және курсқа қатысушылардың барлығы үшін бірдей, ашық және объективті бағалауды қамтамасыз етеді.
Сараланған тәсіл	Бағалау барысында сурдопедагогтердің, логопедтердің және педагогтердің жеке ерекшеліктері, кәсіби тәжірибесі, түзете-дамытушылық және әдістемелік даярлық деңгейі, сондай-ақ білім беру қажеттіліктері ескеріледі. Тыңдаушылардың жеке оқу траекториялары мен кәсіби дамуының динамикасы бағалау үдерісінде назарға алынады.
Үздіксіз кері байланыс	Бағалау үдерісі тұрақты және конструктивті кері байланыспен сүйемелденеді. Кері байланыс педагогтердің кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдау саласындағы кәсіби дамуын қолдауға, оқу мақсаттарын нақтылауға және түзете-дамытушылық жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл тыңдаушылардың бағдарлама мазмұнын саналы меңгеруіне,

педагогикалық рефлексияның дамуына және кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.
--

8.2 Бағалаудың негізгі әдістері мен формалары

Сурдопедагогтер, логопедтер және педагогтерге арналған

«Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» біліктілікті арттыру бағдарламасы аясында оқыту нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық біліктерін және кәсіби құзыреттерін жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау педагогтердің кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуды қолдау, жеке және дифференциалды тәсілдерді іске асыру, сондай-ақ педагогикалық және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану қабілетін айқындауға бағытталған.

Ағымдағы бағалау	
Бағалау түрі	Бағалау мазмұны
Теориялық материалды меңгеруге арналған тапсырмалар	Ағымдағы бақылау аясында тыңдаушылар бағдарламаның негізгі теориялық қағидаларын меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған тесттік, аналитикалық және жазбаша тапсырмаларды орындайды. Тапсырмалар келесі мәселелерді қамтиды: – кохлеарлы имплантациядан кейінгі есту-сөйлеу дамуының заңдылықтары; – кохлеарлы имплантталған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері; – естіп қабылдауды, сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларды дамыту тәсілдері; – жеке және сараланған педагогикалық қолдау қағидаттары; – түзету-дамытушылық жұмысты жоспарлау; – педагогикалық және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндіктері. Бұл тапсырмалар тыңдаушылардың теориялық материалды терең түсінуін және оны кәсіби қызметінде қолдануға дайын екенін бағалауға мүмкіндік береді.
Практикалық тапсырмалар	Практикалық тапсырмалар педагогтердің кәсіби біліктерін қалыптастыруға және бағалауға бағытталады және мыналарды қамтиды: – естіп қабылдауды дамытуға арналған жаттығулар жүйесін әзірлеу; – сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық құрылымын қалыптастыруға арналған тапсырмалар дайындау; – түзету-дамытушылық сабақтардың немесе сабақ фрагменттерінің жоспарларын әзірлеу; – жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ) және

	түзету-дамытушылық бағдарламаларды құрастыру; – коммуникативтік жағдаяттарға арналған тапсырмалар әзірлеу; – цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті платформалар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану; – баланың дамуындағы қиындықтарды талдау және оларды түзетуге арналған әдістемелік шешімдер ұсыну. Практикалық тапсырмалар тыңдаушылардың әдістемелік, аналитикалық және практикалық қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.
Топтық және жеке тапсырмалар	Бағалау жеке және топтық форматта жүзеге асырылады және төмендегі дағдыларды анықтауға бағытталған: – пәнаралық командада кәсіби өзара әрекеттесу қабілеті; – әдістемелік шешімдерді бірлесе әзірлеу, талқылау және ұсыну білігі; – жобалық жұмыс барысында дербестік, жауапкершілік және кәсіби рефлексия деңгейі. Бұл форматтағы тапсырмаларға әдістемелік мини-жобалар әзірлеу, түзету-дамытушылық тапсырмалар жүйесін бірлесіп құрастыру және педагогикалық кейстерді талдау жатады.
Шығармашылық және жобалық жұмыстарды бағалау критерийлері	
Бағалау бағыты	Критерийлер
Жобаны әзірлеу үдерісі	– жоспарлаудың негізділігі; – педагогикалық және түзету-дамытушылық әдістерді дұрыс тандау; – жобаны іске асыру кезеңдерінің логикалық бірізділігі.
Креативтілік пен жаңашылдық	– ұсынылған шешімдердің түпнұсқалығы; – әзірленген материалдардың кохлеарлы имплантталған балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкестігі; – есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуды қолдауға бағытталуы.
Цифрлық және мультимедиялық ресурстарды қолдану	– цифрлық құралдарды қолданудың мақсатқа сәйкестігі; – визуализация мен интерактивтілік сапасы; – қолданылған құралдардың әдістемелік тұрғыдан негізділігі.
Жұмыс нәтижесі	– әзірленген өнімнің аяқталғандығы және практикада қолдану мүмкіндігі; – нәтижені ұсыну сапасы (презентация, түсіндірме жазба, жобаны қорғау).
Қортынды аттестаттау	
Аттестаттау формасы	Мазмұны
Жобалық жұмыс	Қорытынды аттестаттау жобалық жұмысты қорғау түрінде өткізіледі. Жоба кохлеарлы имплантталған балалармен жұмысқа арналған авторлық әдістемелік өнімді әзірлеуді көздейді (естіп қабылдауды дамыту жаттығулары, түзету-дамытушылық сабақтар

	топтамасы, ЖББ үлгісі, әдістемелік мини-жоба). Жоба комиссия алдында қорғалады.
Нәтижені таныстыру	Тыңдаушылар қорытынды жобаның презентациясын ұсынып, таңдалған әдістер мен технологиялардың тиімділігін дәлелдейді және әзірленген материалды педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігін көрсетеді.
Өзін-өзі бағалау	Оқу барысында тыңдаушылар анкета және рефлексиялық тапсырмалар арқылы өз кәсіби дамуын бағалайды. Бұл педагогикалық тәжірибедегі өзгерістерді түсінуге, кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін анықтауға және болашақ кәсіби даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.
Сыни ойлауды дамыту	Бағдарламада пікірталастар, педагогикалық жағдаяттарды талдау, типтік қиындықтарды талқылау және ұсынылған әдістемелік шешімдерді бірлесіп зерделеу қарастырылған. Бұл педагогтердің сыни тұрғыдан ойлау және тиімді түзету-дамытушылық шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

8.3 Бағалау критерийлері

Сурдопедагогтер, логопедтер және педагогтерге арналған «Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер» біліктілікті арттыру бағдарламасы аясында тапсырмаларды әзірлеу және орындауды бағалау критерийлері тыңдаушылардың теориялық білімді, практикалық дағдыларды және кәсіби құзыреттерді меңгеру деңгейін айқындауға бағытталған.

Бағалау кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауға қажетті кәсіби дайындықты, есту-сөйлеу және коммуникативтік дамуды қолдауға бағытталған әдістемелік құзыреттердің қалыптасуын, сондай-ақ педагогтердің түзету-дамытушылық жұмысты жоспарлау және іске асыру қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалау бағдарламаның кешенді сипатын ескере отырып жүзеге асырылады және педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын нақты педагогикалық-түзете тәжірибеде қолдана алу қабілетін талдауға бағытталған. Бұл ретте тыңдаушылардың диагностикалық, түзету-дамытушылық, әдістемелік және коммуникативтік қызметті жүзеге асырудағы кәсіби сенімділігі мен жауапкершілігі ескеріледі.

Бағалау критерийлері бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес айқындалады және тапсырмалардың мазмұнына, күрделілік деңгейіне және практикалық маңыздылығына байланысты қолданылады. Бағалау барысында тыңдаушылардың кохлеарлы имплантталған балалардың даму ерекшеліктерін ескеруі, жеке және сараланған тәсілдерді қолдануы, ата-анамен және пәнаралық командамен тиімді өзара әрекеттесуі маңызды көрсеткіштер ретінде қарастырылады.

Бағалау нәтижелері педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға, оқу үдерісін жетілдіруге және түзету-дамытушылық жұмыстың сапасын арттыруға бағытталады.

Теориялық материалды меңгеру деңгейі:	Бағалау барысында төмендегілер ескеріледі: қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи мақсаттары мен басым бағыттарын түсіну; тілдік, коммуникативтік және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді білу; мәтінмен жұмыс істеудің (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым) теориялық негіздерін меңгеру; сараланған оқыту, қалыптастырушы бағалау және жобалық жұмысты ұйымдастыру қағида-талаптарын түсіну; оқырман мәдениетін дамытудағы әдебиеттің рөлін түсіну; қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін білу; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын әдістемелік талаптарды меңгеру.
Практикалық дағдылар:	Бағалау кезінде төмендегі практикалық біліктер қарастырылады: заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жобалау және өткізу; оқушылардың логикалық, сыни және коммуникативтік ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірлеу; функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған контекстік және практикалық тапсырмалар құрастыру; мәтінді талдау, интерпретациялау және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру; цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті платформалар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану; оқушылардың оқу жетістіктерін талдау және анықталған қиындықтарды түзетуге арналған әдістемелік шешімдер әзірлеу; оқытуды саралау және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу элементтерін қолдану.

Практикалық және жобалық жұмыстардың сапасы	Бағалау келесі көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады: әзірленген оқу-әдістемелік материалдардың әдістемелік негізділігі; тапсырмалар құрылымының логикалылығы және олардың қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мақсаттарына сәйкестігі; әзірленген әдістемелік және цифрлық өнімдердің практикада қолданылу мүмкіндігі; педагогикалық және цифрлық технологияларды дұрыс әрі мақсатты қолдану; жобалық жұмыстың толықтығы, тұтастығы және аяқталғандығы; тапсырмалар мен жобалардың тілдік құзыреттілік пен оқырман мәдениетін дамытуға бағытталуы.
Шығармашылық және инновациялық қызмет	Бағалау барысында төмендегілер ескеріледі: педагогтің бастамашылдығы және тиімді әдістемелік шешімдер таба алу қабілеті; тапсырмалар мен оқу материалдарын әзірлеудегі креативтілік; тілдік және әдеби білімді меңгертуде заманауи, инновациялық тәсілдерді қолдану; дәстүрлі оқыту әдістерін заманауи педагогикалық және цифрлық технологиялармен үйлестіре алу. Дербестік және жауапкершілік Бағалау кезінде: оқу және жобалық тапсырмаларды орындаудағы дербестік деңгейі; өз кәсіби қызметін жоспарлау және ұйымдастыру білігі; тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындау; әзірленген әдістемелік және цифрлық материалдардың сапасына жауапкершілік; педагогикалық рефлексия, өзін-өзі бағалау және кәсіби қызмет нәтижелерін саналы талдау қабілеті ескеріледі.

8.4 Бағалау құралдары

Бағдарлама аясында тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін әртүрлі диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды бағалау құралдары

колданылады. Бағалау құралдары педагогтердің теориялық білімін, практикалық дағдыларын және кәсіби құзыреттерін кешенді түрде анықтауға бағытталған.

Бағалау құралдары	Сипаттамасы
Тестілеу және сауалнамалар	Бағдарлама мазмұны бойынша теориялық білімді тексеруге арналған тесттер қолданылады. Тесттер тыңдаушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін жедел анықтауға және оқыту үдерісін уақытылы түзетуге мүмкіндік береді. Кері байланыс сауалнамалары тыңдаушылардың пікірін, кәсіби қажеттіліктерін және оқу барысында кездесетін қиындықтарын анықтауға бағытталып, бағдарламаның мазмұнын жетілдіру және оны практикалық сұраныстарға бейімдеу мақсатында пайдаланылады.
Портфолио	Тыңдаушылар жеке кәсіби портфолио жүргізеді. Портфолио құрамына: – орындалған практикалық тапсырмалар; – түзету-дамытушылық және әдістемелік әзірлемелер; – жобалық және шығармашылық жұмыстар; – рефлексиялық есептер мен өзін-өзі бағалау материалдары енгізіледі. Портфолио педагогтің кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеу саласындағы кәсіби дамуын жүйелі түрде қадағалауға, оқу барысында қол жеткізілген нәтижелерді жинақтауға және кәсіби өсу динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді.
Презентациялар және жобаларды қорғау	Бағдарлама соңында тыңдаушылар қорытынды жобаны қорғау рәсімінен өтеді. Қорғау барысында: – әзірленген әдістемелік немесе түзету-дамытушылық өнімнің сапасы; – жұмыстың орындалу үдерісі мен құрылымының логикалылығы; – таңдалған әдістер мен технологиялардың ғылыми-әдістемелік негізділігі; – жобаның практикалық құндылығы және оны педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігі бағаланады.
Онлайн-бағалау	Бағалау үдерісінде аралық және қорытынды тесттерді тапсыру, онлайн-тапсырмаларды орындау және жедел кері байланыс алу мақсатында онлайн-білім беру платформалары (LMS, Google Forms, Google Classroom, Microsoft Teams және т.б.) пайдаланылады. Онлайн-бағалау бағалау үдерісінің ашықтығын, жеделдігін және барлық тыңдаушылар үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

8.5 Оқу нәтижелерін бағалау және құзыреттілік деңгейлері

Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерін қорытынды бағалау пайыздық шкала негізінде жүзеге асырылады. Жалпы баға тыңдаушылардың теориялық білімді меңгеру деңгейін, практикалық тапсырмаларды орындау сапасын және қорытынды жобалық жұмыстың нәтижелерін кешенді бағалау арқылы қалыптастырылады.

Қорытынды бағаны қалыптастыру кезінде кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауға қатысты кәсіби, әдістемелік, практикалық және коммуникативтік құзыреттердің қалыптасу деңгейі ескеріледі. Әр бағалау компонентінің жалпы бағадағы үлес салмағы бағдарламаның мақсаттары мен талаптарына сәйкес айқындалады.

Оқу нәтижелерін бағалау педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын нақты педагогикалық тәжірибеде қолдана алу қабілетін, түзету-дамытушылық жұмысты жоспарлау және іске асыру сапасын, сондай-ақ кәсіби рефлексия деңгейін анықтауға бағытталған.

Берілетін құжат

Бағдарламаны толық меңгеріп, қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптарына сәйкес 80 академиялық сағат көлеміндегі біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат беріледі.

Пайыздық көрсеткіш	Бағалау деңгейі	Сипаттамасы
90–100 %	Өте жақсы	Бағдарламаның барлық талаптарына толық сәйкес келеді. Тыңдаушы кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауда жоғары деңгейдегі кәсіби, әдістемелік және практикалық құзыреттерді көрсетті, алынған білімді өз қызметінде жүйелі және тиімді қолдана алады.
70–89 %	Жақсы	Бағдарламаның негізгі талаптарына сәйкес келеді. Теориялық білім мен практикалық дағдылар жеткілікті деңгейде қалыптасқан, алайда жекелеген әдістемелік немесе практикалық аспектілерді жетілдіру қажет.
50–69 %	Қанағаттанарлық	Бағдарламаны меңгеру жеткілікті деңгейде жүзеге асқан. Теориялық білім бар, бірақ практикалық тапсырмаларды орындау мен түзету-дамытушылық жұмыстың сапасын арттыру үшін қосымша қолдау мен тәжірибе қажет.
50 %-дан төмен	Қанағаттанарлықсыз	Бағдарлама талаптары толық орындалмаған. Теориялық және практикалық дайындық деңгейі жеткіліксіз, қайта даярлау немесе қосымша оқыту қажет.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау «Кохлеарлы имплантталған балаларды ерте педагогикалық-түзете қолдау: заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдер»

біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақты қолданылуын, олардың практикалық тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Курстан кейінгі қолдау кезеңі педагогтердің кәсіби белсенділігін қолдауға, кохлеарлы имплантталған балалармен жұмыс істеу барысында туындайтын нақты мәселелерді шешуге, түзету-дамытушылық қызметтің сапасын арттыруға және кәсіби құзыреттерді одан әрі дамытуға бағдарланған.

Бұл кезең тыңдаушылардың курста меңгерген теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нақты педагогикалық тәжірибеге енгізуіне, әдістемелік бастамаларын іске асыруына, өзара тәжірибе алмасуына және кәсіби қауымдастық аясында қолдау алуына мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі қолдау педагогтердің кәсіби рефлексиясын дамытуға, кохлеарлы имплантталған балаларды педагогикалық-түзете қолдауда тиімді әдістер мен технологияларды тұрақты қолдануына, сондай-ақ жеке кәсіби даму траекториясын саналы түрде жалғастыруына жағдай жасайды.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары::			
жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету;	кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;	консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі қолдау форматтары:			
Жеке әдістемелік кеңес беру:		Онлайн байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары) жүзеге асырылады. Жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ) іске асыру, құжаттаманы жүргізу, ППҚҚ шеңберіндегі өзара әрекеттесу мәселелері бойынша қолдау көрсетіледі. Тыңдаушылардың педагогикалық әзірлемелерін практикаға енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беріледі.	
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:		Курс аяқталғаннан кейін 1–2 ай ішінде тақырыптық онлайн-кездесулер ұйымдастырылады. Тыңдаушылардың сәтті енгізілген кейстері талданып, білімді практикада қолдану барысында туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беріледі.	
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:		Telegram, WhatsApp немесе Google-топтар форматында кәсіби чатқа	

	қолжетімділік беріледі. Құжаттармен, шаблондармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу жүзеге асырылады. Горизонталды тәлімгерлік (peer-to-peer қолдау) ынталандырылады.
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	Курс материалдарына тұрақты қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Нормативтік база, шаблондар мен нұсқаулықтар жаңартылып отырады. Жаңа әдебиеттер, жарияланымдар және кәсіби іс-шаралар бойынша ұсынымдар беріледі.
Қорытынды енгізуді ерікті супервизиялау:	өз бағдарламаларын диагностикалау және рефлексиялауға ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын іске асыруды сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен педагогикалық әсерлерді талдау.
Қолдау әдістері:	
жеке сұраныстарға жауаптар);	практика мен нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;	топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.
Ұзақтығы және форматы:	курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.
Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;
	ЖББ , ЖОЖ дұрыс құжаттама формаларын тәжірибеге белсенді енгізу;
	кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;
	рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсу.

10.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1.Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>

2.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

3.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>

4.Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

5.Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>

6.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

7.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (25.04.2025 ж. № 271 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

8.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 тіркелген. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (07.08.2023 ж. № 249 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

9.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (31.03.2025 ж. № 59 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

10.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (28.06.2024 ж. № 165 бұйрығы редакциясында). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>

11.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 тіркелген. Педагогтердің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (30.04.2025 ж. № 98 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

12.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

13.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

Негізгі әдебиеттер

1.Выготский Л.С. Сөйлеу мен ойлаудың дамуы. – Алматы: Білім, 2019.

2. Леонгард Э.И., Самсонова Е.Г. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу. – Мәскеу: Просвещение, 2020.

3. Королева И.В. Кохлеарная имплантация у детей: слухоречевое развитие и реабилитация. – Санкт-Петербург: Каро, 2021.

4. Сурдопедагогика: оқу құралы / ред. Н.Н. Малофеев. – Мәскеу: Академкнига, 2019.

5. Flexer C. Auditory Development and Cochlear Implants. – San Diego: Plural Publishing, 2018.

6.Бутабаева Л. А., Ноғайбаева Г. А., Исмағұлова С. К., Темірбаева М. Ж., Жүсіп А. Қ. Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының рөлі // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Жауапты редактор: Е. А. Шумилова. Краснодар, 2022. Б. 314–318

7.Абдуразова П. А., Үсенбай А. У., Алданазарова М. Ш. Инклюзивті білім беруді ілгерілету: ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған виртуалды зертханалық симуляциялардың ықпалы мен әлеуеті. 2025-02-26. URI: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5659>

8.Сенгербекова Б., Осман Ж., Сейтқасымова Г. Инклюзивті білім берудегі дилеммалар: әдебиеттерден алынған сабақтар. 2024-12-26. URI: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/6635>

9.Yersultanova A., Karelkhan N., Azieva G. T., Uaisova M. S., Abdibekova L. M. Инклюзивті сыныпта цифрлық сауаттылықты оқытуға арналған білім беру ресурстары. 2023-06-30. URI: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5553>

Қосымша әдебиеттер

10. Білім берудің барлық деңгейінде (балабақша-мектеп-колледж-жоо) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰАО, 2024. – 192 б. URI: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/INKL%20%20RS%20%20RS%20%20RS%20%2029.03.2024.pdf>

11. Шатских А. А. Инклюзивті білім беру: барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудегі қиындықтар. 2024-02-23. URI:

<https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7757>

12. Заречнева О. И., Михайличенко И. А. Инклюзия = Қазіргі заманғы білім бе? 2023-02-17. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/6479>

Электрондық ресурстар

13. www.edu.gov.kz – ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты

14. www.worldhearingday.org – ДДҰ материалдары

15. www.asha.org – American Speech-Language-Hearing Association

16. www.cochlear.com – кохлеарлы имплантация бойынша халықаралық ресурстар

17. <https://special-edu.kz/kz/> - Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми – практикалық орталығы